Серуен	Бұршақты бақылау Мақсаты: —«Бұршақ» түсінігімен таныстыру; —Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру; —есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. Бақылау барысы Көркем сөз «Бұршақ жауғанда» А. Меңдібай Аспанды бұлт торлап, Күн кенет бұзылды. Жел тұрып, сап-салқын, Жауын исі сезілді. Айнала тарсылдап, Ақ моншақ төгілді. Жер беті ағарып, Мұз болып көрінді. Моншақты ұстап ап, Көргім кеп барады- Қолымда көп моншақ , Су болып ағады.	Гүлзардағы гүлдерді бақылау. Мақсаты: Гүлдерді жапырағы, сабағы, гүліне қарап ажырата білуге үйрету. Еңбек: Гүлзардағы өсімдіктерге су құю. Мақсаты: Еңбек етуге ынтасын арттыру Қимылды ойын: «Кеглиді соқ» Мақсаты: шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: —Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру; —айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету; —табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші: Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Тәрбиеші сұрақтары:	Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы	

	Тәрбиеші әңгімесі: күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады. Зерттеу жұмысы Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме? Еңбек Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. Қимылды ойын: «Ақ серек-көк серек». Мақсаты: ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу. Жаттығу ойыны «Кім алда?». Мақсаты: бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету.		•Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? •Қазір жылдың қай мезгілі? •Көктемнің алдында қай мезгіл болды? •Көктемнің келуімен табиғатта қандай өзгерістер болады? •Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? Зерттеу жұмысы: Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) Еңбек Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны: Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу	жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Тәрбиеші сұрақтары: •Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? •Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? •Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? •Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? •Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? •Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты:ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту	

Балалардың үйге қайтуы	Баланың тазалық гигиеналық жағдайына көңіл бөлу.(ауызша кеңестер)	«Ұлттық ойындардың пайдасы неде?» кеңес.	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	«Әр түрлі сұрақтар» Ашық есік күні	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС»Наш малыш»балабақшасы

Топ: «Балдаурен» кіші топ

Балалардың жасы- 2 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі: 26-28.03.2025 жыл

Күн тәртібі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	Сәрсенбі
Балаларды қабылдау	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Күй қосу, күй күмбірі** Д/О «Театр әлемі» Мақсаты: Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату (**сөйлеуді дамыту**) **Д/О «Заттарды салыстыр»** **Мақсаты**.Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. **(сенсорика)** Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. (**музыка**):	Адай күйімен қарсы алу Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Күй қосу, күй күмбірі** Д/О «Кітаптар әлемі» Мақсаты:Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. (**музыка**):	Менің елім әнімен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О«Таныс заттарды ата» Мақсаты:Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. (**музыка**):
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.		

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ою - өрнектер» құрастыру. Шарты: Төрт бөлікке бөлінген оюдан бүтіндей ою шығару керек. Ол үшін тапсырманы орындау керек. **Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: "Жануарларды емдейік"** Кейбір жануарлардың (қоян, тиін, мысық, сиыр) қоректену жолдары туралы білімдерін бекіту; жомарттыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Сиқырлы заттар»** **Мақсаты**. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. **(сенсорика)** **Д/О «**Көліктер» **Мақсаты:**Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	Жеңіл Мақал мәтелдер жаттату, мағынасын түсіндіру. **(Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: "Кімнің үйі қайда?"** Жабайы аңдар мен құстардың (қора, ұя, ұя) мекендерін ажырата білуге және атауға үйрету. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Сиқырлы заттар»** **Мақсаты**. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. **(сенсорика)** **Д/О «Көліктер»** **Мақсаты:**Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағықауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.(**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	Асық ойындары Жіпке тізу. Түстерді ажырату **Бір тұтас тәрбие)** **Д/О: "Дұрыс атаңыз"** Жануарлардың сөз атауларын дұрыс қолдану дағдыларын дамыту; байланысты сөйлеуді дамыту; жануарлар әлемінің өкілдеріне қызығушылықты ояту. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Заттарды топтастыр»** **Мақсаты:**Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану(**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. .
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу (затсыз)** 1. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. 2. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. 3. Оңға-солға бұрылу. 4. Алға және екі жаққа еңкею. 5. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу 6. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. 7. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. 8. Аяқтың өкшесін алға қою.		

	9. Орнында жүру. 10. Тыныс алу жаттығуы. **(дене шынықтыру)**		
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Дене шынықтыру** "Арқан тарту". Мақсат-міндеттер. Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүруге үйрету; арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүруге дағдыландыру; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүрудің тәсілдерін меңгерту.	**Дене шынықтыру** "Қазақтың ұлттық ойыны". Мақсат-міндеттер. Балаларды еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру, арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге және арқаннан шықпай жүру іскерліктерін дамыту; түзу жүру кезінде аяқты кезекпен бірінің артынан бірін қойып жүру тәсілдерін жетілдіру; жіңішке арқанның бойымен аяқты қайшылап жүру іскерліктерін дамыту; "Наурыз" мерекесі жайлы білімдерін толықтыру.	**Дене шынықтыру** "Түзу арқан". Мақсат-міндеттер. Балаларды қолдарындағы гүлдерімен шеңбер бойымен салтанатты адымдап, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, гүлдерін жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүргізу; еденге қойылған арқан бойымен түзу жүру және арқан бойымен жүру кезінде бірінің артынан бірін жүруге, арқаннан шықпай жүру іскерліктерін қорытындылау; оқу қызметін пысықтау.
2- таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру		
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу		
Серуен	Қайың ағашын бақылау Мақсаты: Оның жапырақтарына назар аударту. Қайыңның жапырағы кішкентай, жабысқақ, түсі қанық жасыл. Олар енді ғана бой алып өсіп келе жатыр Еңбек: Үлескені сыпыру. Мақсаты: Еңбекке баулу Қимылды ойын: Қандай жануар екенін тап Мақсаты: Баланың танымдық қабілетін дамыту Еркін ойындар	Құстарды бақылау Мақсаты: Балалардың назарын айналада болып жатқан өзгерістерге аудару. Құстардың дауысын естірту. Құстардың барлығы қуанып жатыр. Себебі көктем келді. Ұшып келген құстар ұя жасайды. Еңбек: Құстарға жем шашу Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға үйрету Қимылды ойын: Ормандағы аю Мақсаты: Ептілік пен шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар	Шөпті бақылау. Мақсаты: Қалың, биік болып шқптер мен енді шығып келе жатқан шөптерді бақылау. Олардың не себепті әр түрлі болып өскендігі туралы түсінік беру. Шөптерге алақандарын тигізу (жұмсақ, нәзік) Еңбек: Ата-аналармен балабақша ауласын тазарту жұмыстарына қатысу. Мақсаты: Үлкендерге көмектесу Қимылды ойын: Аңшы мен қояндар
Серуеннен оралу	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу		
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру		
Күндізгі ұйқы	ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою,		

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу. Шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру		
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру		
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О: **Орнына қойыңыз** **Мақсат**: қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы түсініктерін бекіту, қауіпсіздік үшін барлық заттарды өз орындарына қою керектігі туралы білімдерін қалыптастыру; байқағыштықты, зейінділікті дамыту; үйде тазалық пен тәртіпті сақтауға деген құштарлықты тәрбиелеу, жолдастық сезімін тәрбиелеу Ереже: итермеңіз, заттарды бір-бірінен алмаңыз. **Материал:** тұрмыстық заттармен, суреттермен-заттармен макет немесе ойын бұрышы. **Ойын барысы**: орналасуда барлық заттарды өз орындарына орналастырыңыз, алдымен "ас үйде", содан кейін бүкіл "пәтерде" өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.**(Қауіпсіздік дағды)** Д/О«Ана» (өлең) Міндеті:Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Ана** Сурет салу Міндеті: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру Мүсіндеу Міндеті:Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу үйрету Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым	Д/О: **«Бола ма, әлде болмай ма?»** **Мақсаты:** Балаларды жануарлармен қарым - қатнас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету. Берілген карточкадағы іс - әрекеттерді жасауға бола ма, әлде болмай ма және неліктен болмайтынын әңгімелей отырып, қауіпсіздік ережелерін бекіту. **Ойын барысы:** Тәрбиеші тақтаға бір суретті іледі де, сұраққа жауап беруді сұрайды және толық жауап берулерін қадағалайды. Мыс: - Суретке қараңдаршы, не көріп тұрсыңдар? - Қыз мысықтың құйрығынан сүйреп бара жатыр. - Осы әрекеті дұрыс па? Қалай ойласыңдар олай жасауға бола ма, әлде болмай ма? Неге? т. с. С **(Қауіпсіздік дағды)** «Наурызым, армысың!» (өлең) Міндеті:Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:«Наурызым, армысың!»** Сурет салу Міндеті: . Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау Мүсіндеу Міндеті:Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу,	Д/О: **Біз – құтқарушылармыз** **Мақсат**: күнделікті өмірдегі қауіпті жағдайлар туралы, нақты жағдайлардағы дұрыс іс-әрекеттер туралы түсініктерін бекіту; зейінді дамыту; жәбірленушіге жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу. **Материал:** белгілі бір қауіпті жағдайлардағы балаларды бейнелейтін суреттер, белгілі бір жағдайда орындалуы тиіс әрекеттерді бейнелейтін карточкалар жинағы. **Ойын барысы**: Тәрбиеші қауіпті жағдайдың суреті бар суретті үстелге қояды, бала оны қарап шығады және іс-әрекеттер бейнеленген барлық карточкалардың ішінен екі дұрысын таңдап, ретімен орналастырады. **(Қауіпсіздік дағды)** Айтшы, әжетай (Ж. Смақов) Міндеті:Балаларды халық әндерін, тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы:Әже** Сурет салу Міндеті: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту Мүсіндеу Міндеті:. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Фланелеграфта доптарды, шарларды,

	әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету Құрастыру Міндеті:Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.	оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету Құрастыру Міндеті:Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.	орналастыру Құрастыру Міндеті:Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру
Балалармен жеке жұмыс	**"Наурыз" мәнерлеп оқу.** Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз.Б. Жақыпов.**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** ***Нұрмахан Айсұлтан***	**"Қаз-қаз бас" өленің қайталау.** Қаз-қаз-қаз, Қаздаң бас. Бір, екі, үш, Аздан бас. Қаз-қаз бас, Құлама. Құласаң, Жылама! **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** ***Ербол Айзере***	**"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** ***Серік Мұхаммед***
Кешкі ас	Кешкі ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың тамаққа назарын аудару, мәдени тамақтануға тарту (сөйлеуді дамыту)		
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу		
Серуен	Қайың ағашын бақылау Мақсаты: Оның жапырақтарына назар аударту. Қайыңның жапырағы кішкентай, жабысқақ, түсі қанық жасыл. Олар енді ғана бой алып өсіп келе жатыр	Құстарды бақылау Мақсаты: Балалардың назарын айналада болып жатқан өзгерістерге аудару. Құстардың дауысын естірту. Құстардың барлығы қуанып жатыр. Себебі көктем	Шөпті бақылау. Мақсаты: Қалың, биік болып шқптер мен енді шығып келе жатқан шөптерді бақылау. Олардың не себепті әр түрлі болып өскендігі туралы түсінік беру. Шөптерге алақандарын

	Еңбек: Үлескені сыпыру. Мақсаты: Еңбекке баулу Қимылды ойын: Қандай жануар екенін тап Мақсаты: Баланың танымдық қабілетін дамыту Еркін ойындар	келді. Ұшып келген құстар ұя жасайды. Еңбек: Құстарға жем шашу Мақсаты: Құстарға қамқорлық жасауға үйрету Қимылды ойын: Ормандағы аю Мақсаты:Ептілік пен шапшаңдыққа тәрбиелеу Еркін ойындар	тигізу (жұмсақ, нәзік) Еңбек: Ата-аналармен балабақша ауласын тазарту жұмыстарына қатысу. Мақсаты: Үлкендерге көмектесу Қимылды ойын: Аңшы мен қояндар
Балалардың үйге қайтуы	Балалармен өлең тақпақтарды жаттап қайталау.	Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру	«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне дайындық туралы айту

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС»Наш малыш»балабақшасы

Топ: «Балдаурен» кіші топ

Балалардың жасы- 2 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.03-04.04.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Жас тыңдарман» жобасы аясындаға балалар кітапханасы **(Біртұтас тәрбие)** Д/О «Бесік жыры» Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу (**музыка**):	Адай күйімен қарсы алу Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Күй қосу, күй күмбірі** Д/О«Бау-бақшада не істейміз» Мақсаты:сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу (**музыка**):	«Ою - өрнектер» құрастыру. Шарты: Төрт бөлікке бөлінген оюдан бүтіндей ою шығару керек. Ол үшін тапсырманы орындау керек. (**Бір тұтас тәрбие**) Д/О «Салт-дәстүрлер» Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. (**музыка**):	Жеңіл Мақал мәтелдер жаттату, мағынасын түсіндіру. (**Бір тұтас тәрбие**) Д/О «Салт-дәстүрлер» Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті: Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. (**музыка**):	Асық ойындары Жіпке тізу. Түстерді ажырату. **(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Салт-дәстүрлер» Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру (**сөйлеуді дамыту**) Д/О «Көңілді әуен» Міндеті:Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. (**музыка**):

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О: "ГҮЛДЕР ДҮКЕНІ"** Мақсаты: түстерді ажырата білу, оларды тез атай білу, басқалардан керекті гүлді таба білу қабілеттерін бекіту. Балаларды өсімдіктерді түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. Ойын барысы: Балалар дүкенге түстердің үлкен таңдауын ұсынатын дүкенге келеді. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Өлшемі, пішіні, түсі»** **Мақсаты**. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру **(сенсорика)** **Д/О «Қуыршақ қонақта»** **Мақсаты:**Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және	**Д/О: " ӨСІМДІКТІҢ АТЫН АТА"** Мақсаты: балалардың жабық өсімдіктер, олардың құрылысы және қажетті күтім туралы білімдерін бекіту. Ойын барысы: Тәрбиеші өсімдіктердің атын атауды ұсынады (оң жақтан үшінші немесе сол жақтан төртінші және т.б.). Содан кейін ойынның шарты өзгереді ("Бальзам қай жерде?" және т.б.) Тәрбиеші балалардың назарын өсімдіктердің сабағы әр түрлі болатындығына аударады. - Сабағы түзу, өрмелейтін, сабағы жоқ өсімдіктерді атаңыз. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Өлшемі, пішіні, түсі»** **Мақсаты**. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. **(сенсорика)**	**Д/О: ЖАНСЫЗ ТАБИҒАТ "СНЕЖИНКАЛАР ҚАЙДА?"** Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері және олардың белгілері туралы білімдерін бекіту. Ойын барысы: Балалар шеңбер бойымен жайылған карточкаларды айнала билеп жүреді. Карточкаларда судың әр түрлі күйлері бейнеленген: сарқырама, өзен, шалшық, мұз, қар, бұлт, жаңбыр, бу, снежинка, тамшы және т.б. Шеңбер бойымен қозғалу кезінде келесі сөздер айтылады: **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Сиқырлы қорап»** **Мақсаты**. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау **(сенсорика)** **Д/О «Қонжық келді қонаққа»** **Мақсаты:** Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану.	**Д/О: "ДАУЫЛ МЕН ТЕҢІЗ" ПЛАСТИКАЛЫҚ ОЙЫНЫ** Мақсаты: табиғатқа деген дұрыс көзқарасты тәрбиелеу, балалардың табиғаттағы тәртіп ережелері туралы түсініктерін кеңейту. Ойын барысы: Балалар шеңберге тұрып, теңіздің қатты толқуын бейнелейді; балалардың бір бөлігі теңіз түбіне тығылған балықтарды, қанаттарын тез қағып, стыранып, жағаға тығылған шағалаларды бейнелейді. **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Сиқырлы қорап»** **Мақсаты**. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау **(сенсорика)** **Д/О «Көліктер, көше»** **Мақсаты:**Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің	**Д/О: АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ОЙЫН "ТАМШЫЛАР ШЕҢБЕР БОЙЫМЕН ЖҮРЕДІ"** Тәрбиеші балаларды қызықты және сиқырлы ойын ойнауға шақырады. Бірақ ол үшін жаңбырдың кішкене тамшыларына айналу керек. (Жаңбырды еске түсіретін музыка естіледі) Тәрбиеші сиқырлы сөздерді айтады және ойын басталады. Тәрбиеші оның бұлттың анасы екенін, ал балалар оның кішкентай балалары екенін, олардың жолға шығатын уақыты келгенін айтады. (Музыка.) Тамшылар секіреді, шашырайды, билейді. Ана бұлт оларға не істеу керектігін көрсетеді. Тамшылар жерге ұшып кетті **(Экологиялық тәрбие)** **Д/О «Сиқырлы қорап»** **Мақсаты**. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау **(сенсорика)** **Д/О «Көліктер, көше»**

	бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу (**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	**Д/О «Мен кіммін»** **Мақсаты**:«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.(**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу(**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру (**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.	**Мақсаты:**Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру (**қоршаған ортамен таныстыру)** Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертеңгі жаттығу (затпен)** 1. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. 2. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. 3. Жанында тұрған (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. 4. Алға және екі жаққа еңкею 5. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу 6. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. 7. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). 8. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. 9. Орнында жүру. 10. Тыныс алу жаттығуы **(дене шынықтыру)**				
Таңғы ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған	**Дене шынықтыру** "Ғарышқа алыс самғайық!" Мақсат-міндеттер. Балаларды секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізуге үйрету; жоғары	**Дене шынықтыру** "Ғарыш шегіне жетейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды баскетбол доп салғышына жоғары секіріп,	**Дене шынықтыру** "Ғарыш әлемінде". Мақсат-міндеттер. Балаларды сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін		**Музыка** "Ғарыштағы ғажайып". Мақсат-міндеттер. Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну

ісәрекет	секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білуге машықтандыру; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың секіріп, жоғарыдағы затқа қолды жеткізу қабілетін дамыту; жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу дағдыларын меңгерту; жоғары секіруде қол, дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету.	қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын пысықтау; көздеген нысанадағы затқа жетуде епті, жылдам, шапшаң болуға тәрбиелеу.	қолдарындағы түрлі-түсті жалаушаларын желбіретіп жүргізу, шашырай жүгіріп кіру жаттығуларын орындату; балаларға арналған баскетбол доп салғышына жоғары секіріп, қолды жеткізуге және жоғары секіру кезінде денені кеңістікте ұстай отырып, көздеген нысанадағы затқа жете білу техникасын жетілдіру; ғарыш әлемі және ұшқыш туралы білімдерін толықтыру.		және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету;
2- таңғы ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Серуенге дайындық	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Серуен	Итті бақылау Мақсаты: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; —жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту. Бақылау барысы Көркем сөз «КҮШІГІМ» А. Меңдібай Кіп-кішкентай күшігім,	Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ	Қарды бақылау Мақсаты: — Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету —Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай кезде болады» Ш. Ахметов Ақ қар еріп, Су көбейіп,	Шырша ағашын бақылау Мақсаты: —Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру; —Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; — Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев Қанша заман өткенімен,	Су тамшыларын бақылау Мақсаты: — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру. Бақылау барысы Көркем сөз. «Сүңгілер» А. Меңдібай Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің,

	Сүйкімдісін өзінің. Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды Тәрбиеші сұрақтары. ♦Бұл күшік сендерге ұнай ма? ♦Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? ♦Күшіктің көңіл-күйі қандай? ♦ Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? ♦ Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. Еңбек: Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты: -ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру.	береді. ♦Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? ♦Бүгінгі бұлттар қандай? ♦Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; —жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай,	Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар •Қазір жылдың қай мезгілі? •Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? •Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? •Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып жердегі қар еріп, суға айналады. Зерттеу жұмыстары Күн астындағы және көлеңкеде жатқан қардың тереңдігін өлшеу. Күннің көзі көп түсетін жердегі қар неге аласа, көлеңкедегі қар неге биік? Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. Қимылды ойы	Ескірмейтін асыл шырша. Алатаудың көктемімен, Доссың ғой сен, жасыл шырша. Өзгермейсің қыс келсе де, Бояыңды оңдырмайсың. Аяз шымшып, тістесе де, Жапырағыңды тоңдырмайсың Балаларға сұрақтар: •Шырша ағашының басқа ағаштардан айырмашылығы неде? •Балалар шырша ағашын неге жақсы көреді? •Шырша ағашы туралы қанда жұмбақтар білесіңдер? Тәрбиеші әңгімесі: Шырша ағашы адамға өте ұнамды, қуаныш сыйлайтын ағаш. Шыршаны ойыншықтармен безендіріп, жаңа жылды қарсы аламыз. Өкінішке орай, біздің осындай қиянаттарымыздан шырша орманы сиреп барады Қазір шыршаны кесіп, бүлдірмес үшін, жасанды шыршалар шығарылды. Қаламызда шырша ағаштары отырғызылып, қала көшелеріне сән беруде. Шыршаны тек қана адамдар емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалы шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру , ерекшеліктерін атау. Еңбек: шырша ағашының	Төмен қарап салбырап, Мұз сүңгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген, Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар ♦Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) ♦Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) ♦Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен желден олар сынады) ♦Шуақты күні ше? (өседі) ♦Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Қанекей, тексеріп көрейік: бір ыдысты көлеңке беттегі сүңгінің астына, екінші ыдысты күн беттегі сүңгінің астына қояйық. Қай ыдысқа су көп жиналады екен. Келесі күні серуенге шыққанда ыдыстарды қарайды, қай ыдыста су көп, қай ыдыста аз жиналған. Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу.

	Қимылды ойын: «Қасқыр қақпан». Мақсаты: —белгі бойынша әрекет етуге баулу; —жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).	Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	«Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қуушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл құстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.	айналасын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: Доппен ойын Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту.. Жаттығу ойыны Доппен жаттығу. Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -Орман ел дәулеті, жер сәулеті. -Аяламасаң ағаш та, аспандап өспес.	Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: — Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.
Серуеннен оралу	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу				
Түскі ас	Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу, үстел басында дұрыс отыру				
Күндізгі ұйқы	ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою,				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу. Шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қ/О**: "Бала қала көшелерінде"** **Бағдаршам не дейді** **Мақсат**: бағдаршам түстерінің мағынасы және көшедегі жүріс-тұрыс ережелері туралы білімдерін бекіту. Материал: түрлі-түсті картон шеңберлер (қызыл, сары және жасыл), бағдаршамның орналасуы. **(Қауіпсіздік дағды)** Сәруар (ертегі) Міндеті:Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Сүйікті ойыншығым** Сурет салу Міндеті: Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту Мүсіндеу Міндеті:Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету Жапсыру Міндеті: Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз)	Қ/О: **Қауіптің көздері** **Мақсат**: қауіп төндіретін объектілер болуы мүмкін объектілер туралы білімдерін бекіту, сипатталған жағдайға сәйкес объектілердің суреттерін таңдау қабілетін қалыптастыру, жолдастық сезімін тәрбиелеу **Материал:** тұрмыстық заттармен, сыйлықтармен (фишкалар немесе суреттер) макет немесе ойын бұрышы **(Қауіпсіздік дағды)** Юлиан Тувимнің «Бәріміз үшін бәрі де» Міндеті:Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Үй жануары** Сурет салу Міндеті: Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу Мүсіндеу Міндеті:Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу,	Қ/О: **Ойын - маңызды іс** **Мақсат**: балаларды суреттерден ойынға қауіпсіз заттарды таңдауға жаттықтыру, қандай заттармен ойнауға болатыны туралы білімдерін бекіту. **Материал:** әр түрлі заттарды бейнелейтін суреттер (қауіпті және қауіпті емес), екі құрсау **(Қауіпсіздік дағды)** Торғай: Мен торғаймын, торғаймын, Суықтан да тоңбаймын. Құрт - құмырсқа шіркейден, Бау – бақшаны қорғаймын. Жем шашамын, жегейсің Үйшік жасап берейін. Міндеті:Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Торғай** Сурет салу Міндеті: Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу Мүсіндеу Міндеті:Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары	Қ/О: **Заттар туралы не білеміз** **Мақсат**: балалардың күнделікті өмірде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері туралы түсініктерін кеңейту; зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту; ынтымақтастық сезімін тәрбиелеу **Материал:** кесілген, күйік, қолдың көгеруі және өрт бейнеленген карточкалар, әртүрлі тұрмыстық заттар бейнеленген суреттер. **(Қауіпсіздік дағды)** «Түлкі мен қоян» (ертегі) Міндеті:Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Түлкі** Сурет салу Міндеті: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру Мүсіндеу Міндеті:Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді	Қ/О: **Серуенде** **Мақсат**: жануарлардың дұрыс мінез-құлқы мен қарым-қатынасы туралы білімдерін бекіту, суреттерде көрсетілгендерді дұрыс және бұрыспен байланыстыру жануарлармен кездесу кезіндегі әрекеттер **Материал:** иллюстрациялар, **(Қауіпсіздік дағды)** «Әке мен бала» (әңгіме) Міндеті:Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. **(көркем әдебиет)** **Тақырыбы: Қоян** Сурет салу Міндеті: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру Мүсіндеу Міндеті:Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың

